

O'NTUSTIK QAZAQSTAN <b>MEDISINA</b> <b>AKADEMIASY</b> «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN <b>MEDICAL</b> <b>ACADEMY</b> АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Неврология, психиатрия және психология кафедрасы ЖҰМЫС ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫ	044/56-15 14 беттің 1 беті

**«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ**  
**жанындағы медицина колледжі**


 «Бекітемін»  
 Медицина колледжінің директоры  
**М.А.Отыншиев**  
 2018ж.

**Жұмыс оқу бағдарламасы**

**Пән:** «Емдік денешынықтыру, массаж»  
**Курс:** 4  
**Мамандығы:** 0302000 «Мейіргерлік іс»  
**Біліктілігі:** 0302033 «Жалпы практика мейіргері»  
**Сағат саны:** 24 сағат  
**Тәжірибе:** 24 сағат

**Шымкент 2018ж.**



OÑTÚSTIK QAZAQSTAN <b>MEDISINA</b> <b>AKADEMIASY</b> «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN <b>MEDICAL</b> <b>ACADEMY</b> АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Неврология, психиатрия және психология кафедрасы ЖҰМЫС ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫ	044/56-15 14 беттің 3 беті

## Мазмұны

1. Түсіндірме жазба
2. Пәнді оқытудың жоспарлы нәтижелері
3. Пәннің мазмұны және тақырыптық жоспары
4. Білім беру үрдісін ұйымдастыру және жүзеге асыруға қойылатын талаптар
5. Жоспарланған білім беру нәтижесін бақылау
6. Ұсынылған әдебиеттер және оқыту құралдары

O'NTÜSTIK QAZAQSTAN <b>MEDISINA          AKADEMIASY</b> «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 <b>SKMA</b> -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN <b>MEDICAL          ACADEMY</b> АО «Южно-Казakhstanская медицинская академия»
Неврология, психиатрия және психология кафедрасы <b>ЖҰМЫС ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫ</b>	044/56-15 14 беттің 4 беті	

## 1.Түсіндірме жазба

Осы жұмыс оқу бағдарламасы ҚРЖМББС мен үлгілік кәсіптік оқу бағдарламасына өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы ҚР ДСЖӘД министрлігінің 29.07.2016ж. № 661 бұйрығына сәйкес бекітілген Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкес 0302000 - «Мейіргерлік ісі» мамандығы бойынша, 0302033 «Жалпы практика мейіргері» біліктілігіне әзірленді.

**Емдік дене шынықтыру (ЕДШ)**, кешенін пайдалану сақтандыру, емдеу және қалыпқа келтіру әдісі ретінде ауруханалар, емханалар, шипажайлар, жүйесінде кеңінен қолданылады. ЕДШ-ын оташылдық, дәрі-дәрмекпен емдеу секілді негізгі әдістердің қосымша емдеу шаралары есебінде қарастыру керек, ол медициналық қалыпқа келтіру әдістерінің бірі болып табылады. ЕДШ-ның негізгі құралдары – тәжірибелік медицинада бұрыннан белгілі дене жаттығулары.

ЕДШ-ның негізгі құралдары - дене жаттығулары, олар гимнастикалық, спорттық-қолданбалы (жүру, жүгіру, жузу, есу, шаңғымен жүру және т.б.), қозғалыс және спорттық ойындарға бөлінеді. Сондай-ақ ЕДШ-да еңбек ету сипатындағы жаттығуларда пайдаланылады. Дене жаттығуларымен шұғылданғанда күн, ауа, су секілді табиғи факторларды пайдалану олардың тиімділігін арттырады және шынығуға жәрдемдеседі. - ЕДШ-ды қолданудың түрлері емдік гимнастика, таңертеңгілік гимнастика, мөлшерленген жүріс пен серуендеу, терренкур, қатал мөлшерленген түрдегі спорт жаттығуларымен шұғылдану, ойындар. Емдік гимнастика ЕДШ-ның негізгі түрі. Емдеу гимнастиканың жаттығулары сүйек бұлшық еттер және тыныс алу жүйесі үшін деп екі топқа бөлінеді. ЕДШ-да кинезотерапия деп аталатын судағы дене жаттығулары ерекше орын алады. Мөлшерленген серуендер, таза ауада жүру науқастың жүйке психикалық аясына ерекше жағымды әсер етеді.

Массаж - бұл қол және түрлі аппараттар арқылы адам денесіне механикалық әсер етіп, ауруларды емдеу және олардың алдын алу (профилактика) әдісі болып табылады.

Кейінгі кезде өскелең өмірдің талабына байланысты массаждың тәсілдері мен әдістері де толықтырылып келеді. Оның жаңа қолайлы түрлерін ойлап шығаруға ұмтылуда. Дегенмен қазақ тілінде шыққан туындылар жоқтың қасы. Ол қазақ елінде массаж болмады деген сөз емес, соны жеткізіп, халық арасына тарататын мамандардың жеткіліксіздігі. Мәселен, омыртқа тұтасып ауырғанда балалардың аяғымен нығарлап бастыру, немесе бір қолмен теріні тартып, екінші қолмен үзу, іскен жерді сипау, сынған сүйектерді қолмен сылап-сипай отырып орнына түсіру. Осының бәрі біздің елде массажды ғасырлар бойы емдік мақсатта шеберлікпен қолданғанның айғағы.

Массаждың осындай қарапайым түрлерінен адамдар жеңілдік алады: құрысқан жері жазылып, ауырған жері басылып, көңіл-күйі көтеріледі, сергиді.

Медицинаның дамуына байланысты соңғы жылдары барлық емдеу-профилактикалық орындарда массаждық бөлмелер ашыла бастады. Білікті мамандар да жыл өткен сайын көбеюде. Массаж халықтық медицинадан ресми түрде ғылыми медицинаға ауысты.

Массаж және ЕДШ әдістерін нәтижелі қалдану үшін адам тіндерімен ағзасына олардың тигізер әсерін, жарақаттың туындауымен аурудың ағымы мен патогенезін білу қажет. Мейіргердің массаж және емдік шынықтыру саласын біліп игеруде, біліктілік және мәдениеттілік сапасы қажет.

ЕДШ мен массаждың негізгі мақсаты – адам денсаулығын сақтау мен жақсарту үшін механикалық факторларды қолданып, біртіндеп дәрілерді қолданудан арылу, дені сау адам мен науқастарға оның денсаулығының болашағын айқындату.

O'NTUSTIK QAZAQSTAN <b>MEDISINA          AKADEMIASY</b> «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 <b>SKMA</b> -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN <b>MEDICAL          ACADEMY</b> АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Неврология, психиатрия және психология кафедрасы		044/56-15
ЖҰМЫС ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫ		14 беттің 5 беті

**Пәннің мақсаты:** болашақ маман бойында кәсіби құзыреттілікті (базалық және кәсіптік құзыреттілік дағдыларын дамыту) қалыптастыру

**Оқудың негізгі міндеттері:**

- ауруларды анықтауды қамтамасыз ететін білім мен дағдыларды қалыптастыру;
- емдеу алдын-алу шараларын кәсіптік тұрғыда орындау;
- науқастарға тиімді бақылау мен күтім жасауды ұйымдастыру;
- медициналық құжаттамаларды толтыруға қойылатын талаптар.

Осы жұмыс оқу бағдарламасы келесі пәндермен интеграцияны қарастырады: латын тілі, қалыпты анатомия, қалыпты физиология, патологиялық анатомия, патологиялық физиология, психология негіздері және қатынас дағдылары, неврологиядағы мейіргерлік іс, фармакология негіздері, мейіргерлік іс негіздері, терапиядағы мейіргерлік іс, эпидемиология және жұқпалы ауруларындағы мейіргерлік іс, медициналық психология. Пәнді оқыту үшін оқу мекемесінің сабақ кестесіне байланысты практикалық, жеке оқыту сабақтары жүргізіледі. Оқыту білім алушының танымдық белсенділігін арттыру үшін оқу үрдісінің әр түрлі тәсілдерін қолдануымен арнайы мамандандырылған емдеу мекемелерінде жүргізіледі. Нәтижесінде білім алушылар білім деңгейін толықтырып, әр түрлі психикалық аурулармен сырқаттанатын науқастарға тиімді сараланған күтім және бақылау жасау дағдыларын меңгеретін болады.

**1. Пәнді оқытудың жоспарлы нәтижелері**

Стандартта жоспарланған білім берудің нәтижелері	Типтік оқу бағдарламасында жоспарланған білім берудің нәтижелері
<p><b>КҚ-3.1 МЕЙІРГЕР КҮТІМІ:</b> пациент мүддесін көздейтін әрекетті қолдана отырып, оның жанұясының және қоршаған адамдарының қатысуымен медбикелік күтімді жүргізеді:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- физикалық тексеру және медбикелік сұхбат жүргізуді қолдана отырып, пациент туралы мәлімет жинайды;</li> <li>- зерттеу нәтижесіне қарай, науқас проблемасын анықтайды;</li> <li>- медбикелік күтім жоспарын құрастырады;</li> <li>- медбикелік күтім жоспарын құжаттайды және жүзеге асырады;</li> <li>- пациент күтімінің тиімділігін бағалайды;</li> </ul>	<p>Пәнді оқу кезінде үйренуші тиіс:</p> <p><b>Білу:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- ЕДШ және массаждың тарихын;</li> <li>- медициналық этика, деонтология және биоэтика негіздерін;</li> <li>- медициналық мекемелердің түрлерін және ЕДШ бөлмесі мейірбикесінің жұмысын;</li> <li>- ЕДШ және массаж процесстердің бүтіндігін және жүйелілігінің мінездейтін негізгі нақтыларын;</li> <li>- түрлі емшаралардың биологиялық және емдік әсерлерінің механизмін;</li> <li>- ЕДШ және массаж емшаралардың мөлшерін;</li> <li>- ЕДШ және массажға көрсетпелер және қарсы көрсетпелерін;</li> <li>- ем шараларды жүргізудегі әдістермен техникаларын;</li> <li>- аппараттармен жұмыс жасаған кезде қауіпсіздік ережелерін сақтау;</li> <li>- инновациялық әдістерді.</li> </ul> <p><b>Істей алу:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- медициналық ұйымдар бөлімдерінде жұмысты ұйымдастыру;</li> </ul>

O'NTUSTIK QAZAQSTAN <b>MEDISINA</b> <b>AKADEMIASY</b> «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 <b>SKMA</b> -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN <b>MEDICAL</b> <b>ACADEMY</b> АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Неврология, психиатрия және психология кафедрасы ЖҰМЫС ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫ		044/56-15 14 беттің 6 беті

	<ul style="list-style-type: none"> <li>- әртүрлі типтегі ақпарат көздерін іздеуді жүргізу;</li> <li>- осы ақпараттарды көрсетілген белгілермен талдау жасау текст, карта, кесте, схема, аудиовизуальді қатар;</li> <li>- өзекті мәселелер бойынша талқылауларға қатысып, сұрақтарды шешуде өзіндік ұстанымдарды қалыптастырып, жария етуге келетін мәліметтерді қолдану;</li> <li>- дәрігер тағайындауын дұрыс орындау;</li> <li>- емшараларды жұмыс істеуді дұрыс жүргізу;</li> <li>- науқастармен дұрыс сөйлесу, этика мен деонтологияны сақтау,</li> <li>- ЕДШ және массаж бөлмесінде қауіпсіздік ережесін сақтау.</li> </ul>
--	--

### 3. Пәннің мазмұны және тақырыптық жоспары

#### Пәннің тақырыптық жоспары

№	Тақырыптардың атауы	Сағат саны	Оның ішінде
			Тәжірибелік сағат
1	Кіріспе. Емдік дене шынықтырудың жалпы негіздері.	6	6
2	Емдік дене шынықтыру кабинетін ұйымдастыру.	6	6
3	Дене шынықтырумен айналысатындарды медициналық бақылаудың негізі.	6	6
4	Массаж. Массаждың тәсілдері. Массаж әдістемесі.	6	6
<b>Барлығы:</b>		<b>24</b>	<b>24</b>

#### 3.2. Пәннің тақырыптық мазмұны

##### 1 сабақ Кіріспе. Емдік дене шынықтырудың жалпы негіздері

Емдік дене шынықтыру гимнастикаларының даму тарихы. Емдік гимнастиканың физиологиялық негізі. Қимыл тапшылығының зияны. Емдік гимнастиканың механизмі: әлдендіру, қоректендіру, орнын толтыру және қалпына келтіру (реабилитация) механизмдері. Медициналық мекемеде ЕДШ бөлмесінің ұйымдастыруы. ЕДШ бөлмесінің мейірбикенің міндеттері. ЕДШ қолдануға жалпы көрсетпелер және қарсы көрсетпелер. ЕДШ пішіндері және құралдары. ЕДШ пішіндері. Таңертенгі гимнастика. Емдік гимнастика. Мөлшерленген жүру. Емдік жүзу. Гидрокинезотерапия. Механотерапия. Ойындар, спорттық ойындар. Туризм. Өндірістік гимнастика. Терренкур. ЕДШ құралдары.





Физикалық жаттығулар. Суда қолданылатын жаттығулар. Жүру. Шығулар. Тренажерларды қолдану. Суда жүзу. Ішкі ағзалар және тірек-қимыл аппаратының созылмалы ауруларында ЕДШ әдістері. Түрлі ауруларда қолданылатын емдік дене шынықтыру жаттығулары. Тыныс алу, жүрек қан-тамыр және ас қорыту жүйесінің ауруларында қолданылатын емдік дене шынықтыру жаттығулары. Неврологиялық ауруларда, тірек-қимыл жүйесінің жарақаттарында және ауруларында қолданылатын емдік дене шынықтыру.

### **2 сабақ Емдік дене шынықтыру кабинетін ұйымдастыру.**

ЕДШ – науқастар мен мүгедектерді емдеу және оңалту, сондай-ақ аурулардың алдын алу мақсатымен дене шынықтыру құралдарын қолданатын медициналық пән. Емдік дене шынықтыру (бұдан әрі – ЕДШ) – науқастар мен мүгедектерді емдеу және оңалту, сондай-ақ аурулардың алдын алу мақсатымен дене шынықтыру құралдарын (дене шынықтыру жаттығуларын) қолданатын медициналық пән. Емдік дене шынықтырудың жалпы міндеттері: халықтың денсаулығын нығайту; ағзаның қалпына келуін жылдамдату; бастан өткен аурулардан кейінгі асқынулардың алдын алу (оңалту); жаттығулар кешендерін әзірлеу және енгізу; санитарлық-ағартушылық жұмыс, салауатты өмір салтын (бұдан әрі – СӨС) насихаттау болып табылады. ЕДШ-ды емдеу, профилактикалық немесе өзге мекемелерде қолдану үшін бірқатар ұйымдастыру мәселелерін шешу қажет: материалдық базаның бар болуы (арнаулы жабдықталған кабинет, мүліктің болуы), арнайы оқытылған кадрлар (дәрігерлер мен ЕДШ нұсқаушылары), тиісті құжаттама, санитарлық-ағартушылық жұмыс.

### **3 сабақ Дене шынықтырумен айналысатындарды медициналық бақылаудың негізі.**

ЕДШ-ның нұсқаушысы (емдеу денешынықтырудың әдіскері), ЕДШ саласында дайындығы және жоғары немесе арнайы орта білімі бар адам. ЕДШ-ның әдіскері дәрігерлердің басшылығымен жұмыс істейді, стационарлық емдеу мекемелерінің, емханалардың, дәрігерлік-денешынықтыру диспансерлерінің, санаторийлердің және басқа да мекемелердің штатында болады. Емдік дене шынықтыру (ЕДШ) — жүрек-қан тамырлар жүйесі, қимыл-тірек жүйесі аурулары кезінде, сколиоз және гипертензиялық синдром кезінде, жарақат алғаннан кейінгі барлық буындардың қимылын қалпына келтіру, жүктілік кезінде физикалық жаттығулардың түрлі амалдарын қолдану жүйесі. ЕДШ мақсаты ағзаның әлсіреу этапында бұзылған қозғалыс стереотиптерін құру мен нығайту. ЕДШ дәрі-дәрмектік ем жақсы толықтырады. ЕДШ бойынша сабақтарды өткізу үшін бейінді маман мен ЕДШ дәрігерінің консультациясы қажет. Қажеттілік болған жағдайда Сізге қосымша зерттеулер тағайындалады, көрсетімдер мен қарсы көрсетімдер анықталынады, содан кейін осы немесе өзге де емшараларды өткізуге тағайындаулар жазылады. Оңалту барысында бөлімше дәрігерлері емдеуді үйлестіріп отырады және динамикалық бақылау жүргізеді. Емдеу курсының соңында Сіз қажетті ұсынымдарды аласыз.

**4 сабақ Массаж. Массаждың тәсілдері.** Массаж әдістемесі. Жалпы түсінік. Тарих. Массаж бөлмесіне гигиеналық талаптар. Массаждың организмге әсері. Массаж туралы жалпы түсінік. Тарихы. Массаж бөлмесі және оның жабдықталуы. Массаж жасағанда массажистке және науқасқа қойылатын гигиеналық талаптар. Массажда қолданылатын дәрі-дәрмектер. Массаж жасауға көрсетпелер және қарсы көрсетпелер. Массаждың жүйелері мен әдісі. Массаждың организмге әсері. Массаж түрлері және жіктелуі. Массаж түрлері: гигиеналық (сауықтыру), емдік, спорттық, косметикалық, балалар, аппаратты, реанимациялық, сегментарлы-рефлекторлы, нүктелі, урологиялық, гинекологиялық. Массаж жүйелері: **европалық** - ресейлік, финдік и шведтік; шығыс. Массаж әдістері: аппаратты; қолдық; құрастырмалы (қол және аппаратты). Массаж пішіндері: жалпы; жергілікті; өзіндік массаж. Массаж топографиясы: жалпы (бүкіл денені), жергілікті (аумақтық).

O'NTUSTIK QAZAQSTAN <b>MEDISINA</b> <b>AKADEMIASY</b> «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 <b>SKMA</b> -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN <b>MEDICAL</b> <b>ACADEMY</b> АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Неврология, психиатрия және психология кафедрасы ЖҰМЫС ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫ	044/56-15 14 беттің 8 беті	

Массаж әдістемелері: қолмен (мануальды), аяқтармен (аяқтық), аппараттармен (аппаратты), көкірекпен, арқамен, бөкселермен, массажерлармен.

### **Массаждың тәсілдері**

**Сипау. Ысқылау** Сипау. Әдістің анықтамасы, организмге әсері, жасау ұзақтылығы және қол жылжу жиілігі. Негізгі және қосымша әдістердің орындалу техникасы. Әдістемелік нұсқаулар. Ысқылау. Әдістің анықтамасы, организмге әсері, жасау ұзақтылығы және қол жылжу жиілігі. Негізгі және қосымша әдістердің орындалу техникасы. Әдістемелік нұсқаулар.

**Уқалау. Вибрация** Уқалау. Әдістің анықтамасы, организмге әсері, жасау ұзақтылығы және қол жылжу жиілігі. Негізгі және қосымша әдістердің орындалу техникасы. Әдістемелік нұсқаулар. Вибрация. Әдістің анықтамасы, организмге әсері, жасау ұзақтылығы және қол жылжу жиілігі. Негізгі және қосымша әдістердің орындалу техникасы. Әдістемелік нұсқаулар.

### **Массаждың әдістемесі**

#### **Бас, мойын, кеуде торы, іш және арқаның массажы.**

Бастың массажы: бастың шаш бөлігіне және бетке. Массаж техникасы, жие қолданылатын тәсілдер, осы аймақта массаж қолданудың ерекшеліктері.

Мойын массажы. Массаж техникасы, жие қолданылатын тәсілдер, осы аймақта массаж қолданудың ерекшеліктері.

Кеуде торының массажы. Массаж техникасы, жие қолданылатын тәсілдер, осы аймақта массаж қолданудың ерекшеліктері.

Құрсақтың массажы. Массаж техникасы, жие қолданылатын тәсілдер, осы аймақта массаж қолданудың ерекшеліктері.

Арқаның массажы. Массаж техникасы, жие қолданылатын тәсілдер, осы аймақта массаж қолданудың ерекшеліктері.

#### **Қолдар және аяқтардың массажы**

Қолдардың массажы. Саусақтардың, алақанның, білезік буынның, білектің, шынтақ буынның, иық және иыкүстінің, иық буынның, жүйке талшықтардың массажы. Массаж техникасы, жие қолданылатын тәсілдер, осы аймақта массаж қолданудың ерекшеліктері.

Аяқтардың массажы. Табан саусақтардың, табанның, тілерсек буынның, балтырдың, тізе буынның, санның, ұршық буынның, жүйке талшықтардың массажы. Массаж техникасы, жие қолданылатын тәсілдер, осы аймақта массаж қолданудың ерекшеліктері.

#### **Тірек-қимыл аппаратының жарақаттарында және ауруларында массаж**

Омыртқа жотасының аурулары. Остеохондроз. Бехтерев ауруы.

Омыртқа аурулары. Омыртқа жотасының анатомо-физиологиялық ерекшеліктері. Омыртқа жотасында дегенеративті-дистрофиялық өзгерістері.

Остеохондроз. Анықтама. Ауруның пайда болу себептері және клиникасы. Остеохондроздың емі. Массаж міндеттері. Омыртқа жотасының массаж жасау техникасы. Массаж жасаушының әрекеттер алгоритмі. Остеохондроз профилактикасы.

Бехтерев ауруы. Анықтама. Ауруның пайда болу себептері және клиникасы. Анкилозды спондилоартроздың емі. Массаж міндеттері. Ауру кезінде омыртқа жотасына массаж жасау техникасының ерекшеліктері. Массаж жасаушының әрекеттер алгоритмі. Ауруның профилактикасы.

Сколиоз. Буындар аурулары.

Сколиоз. Анықтама. Ауруның пайда болу себептері және клиникасы. Сколиоздың емі. Массаж міндеттері. Сколиода омыртқа жотасына массаж жасау техникасының ерекшеліктері. Массаж жасаушының әрекеттер алгоритмі. Сколиоз профилактикасы. Түрлі корсеттер және тейптарды қолдану.



OÑTÜSTIK QAZAQSTAN <b>MEDISINA          AKADEMIASY</b> «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 <b>SKMA</b> -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN <b>MEDICAL          ACADEMY</b> АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Неврология, психиатрия және психология кафедрасы ЖҰМЫС ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫ		044/56-15 14 беттің 9 беті

Буын аурулары. Жарақатты артриттер. Артроздар. Буын контрактурасы. Анықтама. Ауруның пайда болу себептері және клиникасы. Емі. Массаж міндеттері. Массаж жасаушының әрекеттер алгоритмі. Буын ауруларының профилактикасы.

### **Ішкі ағзалар ауруларында массаж**

#### **Көкірек торы ағзаларының ауруларында массаж**

Тыныс алу аурулары: трахеобронхиттер, брохиальды демікпе, эмфизема, пневмониялар, плевриттер және созылмалы тыныс алу жеткіліксіздігі. Анықтама. Ауруның пайда болу себептері және клиникасы. Емі. Массаж міндеттері. Массаж жасау техникасы. Массаж жасаушының әрекеттер алгоритмі. Ауруның профилактикасы. Қан айналу ағзаларының аурулары: гипертониялық ауру, жүректің ишемиялық ауруы, вегетотамырлы дистония, веналарының варикозды кеңеюі. Анықтама. Ауруның пайда болу себептері және клиникасы. Емі. Массаж міндеттері. Массаж жасау техникасы. Массаж жасаушының әрекеттер алгоритмі. Ауруның профилактикасы.

#### **Құрсақ және кіші жамбас ағзаларының ауруларында массаж**

Ас қорыту жүйесінің аурулары: гастрит, асқазан және ұлтабар жара ауруы, энтерит, колит, іш қату, бауыр және өт қуығының аурулары. Анықтама. Ауруның пайда болу себептері және клиникасы. Емі. Массаж міндеттері. Массаж жасау техникасы. Массаж жасаушының әрекеттер алгоритмі. Ауруның профилактикасы. Кіші жамбас ағзаларының аурулары: гинекологиялық аурулар, қуық асты безінің аурулары. Анықтама. Ауруның пайда болу себептері және клиникасы. Емі. Массаж міндеттері. Массаж жасау техникасы. Массаж жасаушының әрекеттер алгоритмі. Ауруның профилактикасы.

### **4. Оқыту үрдісін ұйымдастыру мен іске асыруға қойылатын талаптар**

ЕДШ бөлмесінде үйренушінің білімі, біліктілігі және дағдылануы науқасқа емдік дене шынықтыру және массаж жасау арқылы көмек көрсетуі, «ЕДШ, массаж», пәндерінің мазмұны мейіргердің құзырындағы деңгейде шартталған болуы тиіс.

МЖМБС сәйкес үйренушінің базалық, кәсіби құзырлығын қалыптастыруда оқыту модулінің құрылымы енгізілген. Оқыту кезінде заманауи әдістемелік әдебиеттерді, жаңа оқу және анықтама құралдарын, электронды оқулықтар, иновационды ақпаратты мультимедиялық құрылғыларды қолдану ұсынылған.

Практикалық сабақ кәсіптік құзыреттілік аймағының көлемінде манипуляцияларды меңгеру үшін клиникалық базаларда жүргізіледі.

## **5. Жоспарланған білім беру нәтижесін бақылау**

**Ағымдық бақылау:** жазбаша тестілеу, жазбаша/ауызша сұрау, ситуациялық есептерді шешу, практикалық дағдыларды бағалау.

### **Қорытынды бақылау:** сынақ

Бағдарламалық материалдың мазмұнын студенттердің игеру деңгейін тексеру үшін заманауи тәсілдері мен бақылау әдістері қолданылады. Бақылау түрлерін жүргізуге таңдау құқығы қарастырылған.

Үйренушілерден бағдарламалық материалдардың мазмұндық игеру деңгейін тексеру бақылаудың заманауи әдістерін қолдану арқылы іске асырылады: тәжірибелік дағдыларын тексеру, тест тапсырмалары қолдану, ауызша және жазбаша сұрау, ситуациялық есептер, ауызша сұрау және т.б. «ЕДШ, массаж» пәні бойынша қорытынды асстестация оқу жұмыс жоспары бойынша, ҚРЖМББС ға сәйкес жүргізіледі.

## **Ұсынылған әдебиеттер**

### **6.1. Негізгі әдебиет:**

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН <b>MEDISINA</b> <b>AKADEMIASY</b> «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 <b>SKMA</b> -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN <b>MEDICAL</b> <b>ACADEMY</b> АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Неврология, психиатрия және психология кафедрасы ЖҰМЫС ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫ	044/56-15 14 беттің 10 беті	

1. Епифанов В. А. Лечебная физическая культура и спортивная медицина. Учебник М. Медицина 1999, 304 с.
2. Чернышевский Н. Г. Врачебно-комнатная гимнастика. Соч. доктора Шребера. С сорока пятью ксилографическими изображениями. Полное собрание сочинений: в 15 т. — М., 1947—1950. т. 4, с. 509
3. Попов С. Н., Иванова Н. Л.К 75-летию Кафедры физической культуры, массажа и реабилитации РГУФК/ Физкультура в профилактике, лечении и реабилитации № 3, 2003, С. 5-7
4. Е. Н. Залесова Энциклопедия лечебного массажа и гимнастики. — ТрастПресс, 1999 г..
5. Погосян М.М. "МАССАЖ". — ОАО "Издательство Советский спорт", 2007. — С. 750.
6. Гольдин Э.А., Мойсюк Л.М., Закидышева Ю.Э. Самомассаж. Здоровье и хорошее самочувствие своими руками. — М.:, 2005. — С. 160.
7. Дубровский В. И., Дубровская Н. М. Практическое пособие по массажу. — М.: "ШАГ", 1993. — 448 с.
8. М. А. Еремушкин Основы мануальной техники массажа. Серия: Качество жизни. — Ростов на Дону: "Феникс", 2007. — 188 с.
9. Большая энциклопедия массажа/АСТ - Астрель, Москва- 2002
10. Мисиров Д.Э. Массаж туралы ұғым. Оқу-әдістемелік құрал. Алматы, 2009.

### 6.2. Қосымша әдебиет:

1. Клячкин Л.М., Щегольков Медицинская реабилитация больных с заболеванием внутренних органов: Руководство для врачей. — М.: Медицина, 2000.-328с.
2. Окорочков А.Н. Лечение болезней внутренних органов: Практическое руководство: В 4 т.- Витебск: Белмед книга , 1998.
3. Аулик И.В. Определение физической работоспособности в клинике и спорте — М. Медицина 1990-217с.

### 6.3. Оқыту құралдары:

- CD дисктер;
- DVD дисктер;
- Интерактивті такта;
- Видеофильмдер;
- Слайдтар.

«ЕДШ, массаж» пәнін үйрену кезінде ЕДШ үшін керегі (доптар, айналсоқтар, велотренажорлар, гантелдер ж.т.б), массаждық аппараттар, массаж үшін қосымша құрылғылар, анатомиялық құралдар, тренажорлар, манекендер, фантомдар, медициналық құжаттар, аспаптар, аудиовизуалды заттар (электронды видео фильдер «Емдік гимнастика», «Сіздің сау омыртқаңыз», «Классикалық массаж, В.Фокин мектебі»), оқу көрнекі құралын қолдану ұсынылады.

**Оқытушының қолы**

